

## **Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қыркүйекте № 21173 болып тіркелді.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 41-5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік серіктестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қатамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

*Б. Нурымбетов*

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2020 жылғы 3 қыркүйегі  
№ 353 бұйрығымен  
бекітілген

## **Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 16-бабының 41-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде (бұдан әрі – ЕШЕБЖ) еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) ақпараттандыру объектілерін интеграциялау – деректерді берудің Қазақстан Республикасында пайдаланылатын стандарттық хаттамалары негізінде ақпараттандыру объектілері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

2) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық іс-әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

3) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі – еңбек шарттарын, жұмыскерлердің еңбек қызметі мен санын есепке алуды автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

5) еңбек шарты – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді;

6) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

7) жұмыскер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

8) "электрондық үкімет" – мемлекеттік органдардың мемлекеттік функцияларды автоматтандыруға және оңтайландыруға негізделген, сондай-ақ электрондық нысанда қызметтер көрсетуге арналған өздерінің арасындағы және жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі;

9) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

10) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.07.2024 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне еңбек шарттары туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі**

3. Жұмыс беруші Еңбек кодексінің 23-бабының 2-тармағы 27) тармақшасына сәйкес жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты ЕШЕБЖ-ға енгізеді, ол мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) тараптардың деректемелері:
  - жұмыс берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлғаның немесе жұмыс беруші – заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
  - жұмыскердің жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 2) белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысы (еңбек функциясы);
- 3) жұмыстың орындалатын орны;
- 4) еңбек шартының мерзімі;
- 5) жұмыстың басталу күні;
- 6) жасалу күні мен реттік нөмірі.

4. Жұмыс беруші мәліметтерді кадрлық қамтамасыз ету ақпараттық жүйесінің ЕШЕБЖ-мен интеграциясы арқылы не "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы не басқа ақпараттық ресурстар арқылы жолдайды.

Жұмыс берушінің кадрлық қамтамасыз ету ақпараттық жүйесін интеграциялау үшін Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес интеграциялау жұмыстарын ұйымдастыруы қажет.

"Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы мәліметтерді ұсыну үшін жұмыс беруші электрондық цифрлық қолтаңбасымен растап, жеке кабинетін тіркеуі қажет және жеке кабинетінде осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген қажетті мәліметтерді толтырады, оларды электрондық цифрлық қолтаңбасымен растап, ЕШЕБЖ-ға жібереді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мәліметтерді жұмыс беруші не жұмыс берушінің актісімен аталған міндет жүктелген кадр қызметі басшысының атынан енгізіледі.

6. Жұмыс беруші ЕШЕБЖ-ға мынадай:

1) жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі;

2) жұмыскердің жүктілікке және бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалысқа және бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалысқа шығуы туралы қосымша мәліметтерді жібереді.

Осы Қағидалардың 3 және 6-тармақтарында көрсетілген мәліметтер жұмыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жаңанадан жасалған еңбек шарттары бойынша мәліметтерді жұмыс беруші екі жақ еңбек шартын жасаған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ЕШЕБЖ-ға енгізеді.

Мерзімі өтпеген еңбек шарттары бойынша мәліметтерді жұмыс беруші адам саны 2000-ға дейінгі ұйымдар үшін осы Қағидалар қабылданған күннен бастап бір жыл ішінде, адам саны 2000 асатын ұйымдар үшін екі жыл ішінде ЕШЕБЖ-ға енгізуге тиіс.

8. Жұмыс беруші еңбек шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтерді ЕШЕБЖ-ға екі жақ еңбек шартына аталған өзгерістер мен толықтыруларға қол қойғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде енгізуге тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қателер анықталған кезде жұмыс беруші бастапқы мәліметтерді енгізген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мәліметтерді қате енгізген жағдайда қателерді түзетеді;

2) жұмыскердің және (немесе) жұмыс берушінің реквизиттерін қате енгізген жағдайда мәліметтерді жояды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жұмыскер жұмысқа қайта қабылданған жағдайда жұмыс беруші ол жұмысқа қайта қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде күнін, нөмірін және қайта

қабылдау туралу шешім шығарған органды көрсете отырып, мәліметтерге түзетулерді енгізеді.

Осы Қағидалардың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді жұмыс беруші не оның атынан жұмыс берушінің актісімен аталған міндет жүктелген кадр қызметінің басшысы электрондық цифрлық қолтаңбасымен растауға тиіс.

11. Қағидалардың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген мәліметтерге жұмыс беруші енгізген өзгерістер жұмыскер "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинеті арқылы танысады.

12. Жұмыс беруші еңбек шартын бұзу туралы мәліметтерді ЕШЕБЖ-ға еңбек шарты бұзылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей енгізуі қажет.

13. Жұмыс беруші еңбек шартының бұзылғаны туралы ақпаратты ЕШЕБЖ-ға енгізгеннен кейін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жұмыс берушінің немесе жұмыскердің өтініші негізінде ЕШЕАБЖ-да мәліметтерді өзгерту мен толықтыруды жүзеге асырады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13-1. Еңбек кодексінің 30-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген еңбек шартының қолданылу мерзімі ұзартылған кезде жұмыс беруші еңбек шартының қолданылу мерзімі ұзартылған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде тиісті ақпаратты ЕШЕБЖ-ға енгізеді.

**Ескерту. Қағида 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінен еңбек шарттары туралы мәліметтерді алу тәртібі**

14. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға ЕШЕБЖ-дан мәліметтерді ұсынады.

15. ЕШЕБЖ-дан мәліметтерді беру туралы сұрау салу электрондық және қағаз түрінде жіберіледі.

16. Жұмыскер осы Қағидалардың 3 және 8-тармақтарында көрсетілген, ЕШЕБЖ-да қамтылған мәліметтерді электрондық үкімет веб-порталындағы, аталған мәліметтер оларды жұмыс беруші ЕШЕАБЖ-ға енгізгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде автоматты түрде көрінетін жеке кабинетінен алады.

17. Жұмыс беруші осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген, ЕШЕБЖ-да қамтылған үміткерлер мен жұмыскерлердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді осы

Қағидалардың 4-тармағына сәйкес интеграция болған жағдайда олардың алдын ала келісімі бойынша алады.

Үміткер және жұмыскерлер алдын ала келісімін жұмыс берушінің кадрлық қамтамасыз ету ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы береді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. ЕШЕБЖ-да қамтылған мәліметтерді беру туралы, электрондық түрдегі сұрау салуға үміткердің және жұмыскерлердің дербес деректерін пайдалануға келісімін міндетті түрде алу арқылы жұмыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалану арқылы қол қойылады.

19. ЕШЕБЖ-да қамтылған мәліметтер жұмыс берушіге еңбек жөніндегі уәкілетті орган электрондық құжат нысанында мәліметтер ұсыну туралы сұрау салуды алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде немесе Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес ұсынылады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. ЕШЕБЖ-да сұратылған мәліметтер болмаған немесе Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес мәліметтер ұсынуға тыйым салынған жағдайда еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес ЕШЕБЖ-да сұратылған мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны немесе оған сот тәртібінде шағымдануға болатын сұратылған мәліметтерді ұсынудан бас тарту туралы негізделген шешімді электрондық немесе қағаз түрінде жібереді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.11.2021 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**